

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес



2025-2026 оқу жылы

**«Жансәби»
Бөбекжай
Балабақшасы
Жауапкершілік
шектеулі
серіктестік**

**Товарищество
с ограниченной
ответственностью
Ясли САД
«Жансәби»**

161408, Шардара ауданы,
Алатау батыр ауылы, М.Айдаров №6/2
БИН:191140027173

161408, город Шардаринский район,
село Алатау батыр ул. М.Айдаров №6/2
БИН:191140027173

БҰЙРЫҚ

26.08.2025 № 1

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:
 - 1) Төрайымы: Сапарбаева Г.А.
 - 2) Хатшы: Касынбекова К.А.
 - 3) Мүшелері: балабақша педагогтары мен мамандары
2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Жансәби» бөбекжай балабақша меңгерушісі:



Сапарбаева Г.А.

Бекітемін:
«Жансәби» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: Сапарбева Г.А.



2025-2026 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

Педагогикалық кеңестер.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 Пед. кеңес	Тамыз		
1.	Педагогикалық кеңестің төрағасы және хатшысын сайлау.		Б/б меңгерушісі	
2.	«Жансәби» бөбекжай балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту		Әдіскер	
3	Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.		тәрбиешілер	
4	Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.			
5	2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру			
	№2 Пед. кеңес	Қазан		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.		Әдіскер	
2	Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»			
3.	Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.		Барлық топ тәрбиешілері	
4	Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі (ересек, ортаңғы топтары.)		Барлық топ тәрбиешілері	
	№3 Пед. кеңес	Желтоқсан		

1.	Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		Менгеруші	
2.	Балалардың даму деңгейін саралау.		Барлық топ тәрбиешілері	
3	Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қортындысы.			
4	«Жасыл балабақша» экологиялық жоба өткізу			
5	Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі ересек топ			
№4 Пед. кеңес		Наурыз		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		топ тәрбиешілері	
2.	Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары нәтижесі(ересек, ортаңғы топтары.)			
3	«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі ересек топ			
№5 Пед. кеңес		Мамыр		
1	2025-2026 оқу жылының қорытындысы		Әдіскер	
2	Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.		Тәрбиешілер	
3	Қорытынды ұйымдастырылған іс әрекеттердің нәтижесі.		Менгеруші	
4	Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту		Мед бике	
5	Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жеке даму карталарын базаға жүктеу		тәрбиешілер	
6	«Баланың мектепке дайындығы» тренинг қорытындысы.		әдіскер	

**Түркістан облысы Шардара ауданының білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай
балабақшасы ЖШС-нің педагогикалық мәжілісінің кеңесі.**

Хаттама №1

27.08.2025 жыл

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылына дайындық кезеңдері. ».

Мақсаты:

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
- 4.Топтардың жабдыкталуы, жаңа оқу жылына дайындығы-салыстырмалы түрде ұйымдастыру
5. 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. **Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А.** 2025-2026 оқу жылының педагогикалқ кеңестің төрағасы мен хатшыны сайлау барысында ұжым ішінде дауысқа салынды. Дауы беру кезеңінде педагогикалық кеңестің төрағасы Сапарбаева Г.А. , хатшы Касынбекова К.А. сайланды. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары тәрбиешілер мен әдіскердің жұмыс жоспарына қарай жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Тәрбиешілерге

циклограмма мен преспектива бойынша жұмыстарды жүргізу бойынша бағыт-бағдар берді.

2. Балабақша ішіндегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен күн тәртібі балалардың жас ерекшелігіне және үлгілік оқу әдістемелік жоспарға сай құрылды. Балалардың дербес іс-әрекеттері мен ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қарай ойыншықтар мен көрнекі құралдарды қайта жаңарту мен әзірлеу басшылық ұсынысымен әрі қарай дамытуға және көрнекі құралдардың сапасын арттыруға барынша жұмыс атқараылу тиіс екені айтылды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие аясында педагог мамандарға түсіндірме жұмыстары мен әдістемелік кеңестер берілді.
3. Топтардың жас ерекшелігіне қарай ойыншықтар, дамытушы орта, үстел үсті ойындары, кітаптар мен оқу құрал жабдықтары, оқу жоспарына сай көрнекі құралдар мен жаңартылған әдіс-тәсілдер арқылы топ ішін толықтыру маңызды екені айтылды.
4. 2025-2026 оқу жылына сәт сапар тілей отырып, жаңа жетістіктерге жетуге мекеме меңгерушісі Сапарбаева Г.А тілек білдірді.

Шешім:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілсін.
2. Топтарды жабдықтау мен жаңа оқу жылына дайындық күшейтілсін.
3. Педагог мамандарға біліктілікті арттыру бойынша білімдерін жетілдірсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Хаттама №2

02.10.2025 жыл

Тақырыбы: «Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуы ».

Мақсаты:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру».
3. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
4. Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі: ортаңғы, ересек топ.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. өткен педкеңес бойынша атқарылға жұмыстар мен іс-әрекеттерді қорытынды сараптама жасады. Көрсетілген кем кетіктер бойынша тәрбиешілердің жұмыс жасауына ықпал жасады.
2. Тәрбиеші Темірхан С.Б. «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Тәрбиешілерге өзіндік оқу жоспары мен іс-тәжірибесімен бөлісті.
Мониторинг — бір немесе бірнеше балалардың дамуын немесе қажетті дағдылар мен іскерліктерді меңгеруін қадағалау процесі.
Мониторингтің мақсаты — баланың білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін және білім беру мекемесінде ұйымдастырылатын білім беру процесінің баланың дамуына әсерін анықтау.

Мониторингтің нысанасы болып баланың физикалық, интеллектуалдық және жекетұлғалық қасиеттері табылады.

Мониторинг екі компоненттен тұрады:

- білім беру процесінің мониторингі (білім беру бағдарламасын меңгерудегі нәтижелерді қадағалау);
- бала дамуының мониторингі (білім беру бағдарламасын меңгеру курсынан соң баланың интегративтік қасиеттерінің дамуын бағалау негізінде жүргізіледі).

Балаларды дамуын қадағалай мен оны әрмен қарай дамыта білуде тәрбиешінің біліктігі мен әдістерінің маңызы зор. Сондықтан әрбір тәрбиеші дамылсыз білімін жетілдіру мен қатар жаңа технологияны пайдалана білуі тиіс.

Таңертеңгілік балаларды қабылдау кезеңінен соң таңертеңгілік жаттығу жасау балалардың физикалық және эмоцияналды дамуына әсер етеді. Таңертеңгілік жаттығуды тек физикалық тұрғыдан ғана емес, балаларға қызықты сергіту сәті мен әуендер арқылы іс-қимылды ұйымдастырудың маңызы зор. Жаттығу жасаудың физикалық іс-әрекет тұрғысында жас ерекшеліктерін аңғарған абзал. Баланың алғашқы күн тәртібінің бастамасы-таңертеңгілік жаттығу. Ал оны ұйымдастыруда балаға қызықты ете білу керек.

Шешім:

1. Балалардағы құқықтық сауаттылықты арттыру.
2. Білім беру сапасына жақсарту.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында шығармашылық семинарлар, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Тәрбиеленушілердің жалпы даму процесіне назар аудару. Балалармен жеке жұмыс жасау.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.**

Хаттама №3

08.12.2025 жыл

Тақырыбы: «Жасыл балабақша» экологиялық жоба өткізу.

Мақсаты:

1. Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағы нәтижесінің қорытындысы.
3. «Жасыл балабақша» экологиялық жоба өткізу.
4. Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі (ересек топ)

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. өткен педкеңестің орындалуына толық шолу жасады. Күтілген нәтижелер мен жасалған іс-әрекеттер бойынша баға берді. 2025-2026 оқу жылының жарты жылдық есебі мен көрсеткіштерімен танысты. Оның ішінде өтілге іс-шаралар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ашық сабақтар және балалардың даму мониторингісі бойынша толық тексерілді. Балаларды бастапқы және аралық мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиешілерден көптеген сұрақтар қойылды.
2. «Жасыл Қазақстан - жасыл балабақшадан басталады» жобасы - тәрбиеленушілердің табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыруға, білім берудің экологиялық бағыттылық деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің хабардар болуына, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапты көзқарасын тәрбиелеуге, экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған кешенді білім беру жобасы ретінде қалыптасып келеді.

«Жасыл балабақша» жобасы 7 бағытты қамтиды.

1-бағыт – биоалуантүрлілік

2-бағыт – суды үнемдеу

3-бағыт – энергия үнемдеу

4-бағыт – қалдықтарға сараптама жасау

5-бағыт - экологиялық-ақпараттық жұмыс

6-бағыт – салауатты өмір салтын насихаттау

7-бағыт – дұрыс тамақтану деп бөлінген.

Осы орайда тәрбиешілерге «Жасыл балабақша» тақырыбында түсіндірме және іс-әрекеттерді күнделікті ұйымдастырылға іс-әрекетке қосу жүзеге асырылсын.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Ұлттық ойындар – ата-бабаларымыздың бізге берген байлығы мен асыл қазынасы.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар ұжымының дамуында басты рөл атқарады.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты:

— Ұлттық ойындарды дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

— Қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

— Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру. Ұлттық ойындарымыздың балаларға тәрбиелік мәнімен қоса, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойынын балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Мектепке дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып, дені сау, шыныққан, салауатты өмір салтын ұстанатын жеке тұлға етіп тәрбиелеуге болатынына сенімдімін.

Шешім:

1. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасын қолға алу.
2. Ұлттық ойындарды күнделікті қолдану.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Түркістан облысы Шардара ауданының білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай
балабақшасы ЖШС-нің педагогикалық мәжілісінің кеңесі.

Хаттама №4

10.03.2026 жыл

Тақырыбы: «Аналар мектебі» жұмыстарының нәтижесі және серуен барысындағы іс-әрекеттер.

Мақсаты:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру
2. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары нәтижесі
3. «Аналар мектебі» жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі (ересек топ)

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. өткен педкеңестің шешімі барысындағы іс әрекеттерге шолу жасады. «Жасыл балабақша» жобасы бойынша атқарылған жұмыс барысын толық танысты. Сөз кезегінде өткен педкеңестің нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын. Балалрады сыртқы серуен барысында қауіпсіздік шаралары мен ережелерімен педагог мамандар түсіндірме жұмыстарымен жүргізілсін. Ойын алаңшаларының тазылығы мен қауіпсіздігіне аса мән берлісін. Балабақша медбикесі мен тәрбие көмекшісі тазалыққа аса мән беруге тиіс екенін атап өтті.

Серуен барысындағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойын түрлері физикалық тұрғыдан балалардың жас ерекшелігіне көңіл аударылсын.

2. «Аналар мектебі» аясында жасалынып жатқан жұмыстар мен іс-шаралар бойынша тәрбиеші Мәжіт А.Н. өз пікірін білдірді. Ата-ана мен балабақша арасындағы балаларды тәрбиелеуге жұмсалған әрбір ісіміз-болашақтың

Хаттама №5

11.05.2026 жыл

Тақырыбы: 2025-2026 оқу жылының қорытынды кеңесі.

Мақсаты:

1. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жек даму картасын базаға жүктеу.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. 2025-2026 оқу жылының қорытынды жетістіктері мен кемшіліктері бойынша сөз сөйледі. Топтардағы іс-шаралар мен балалардың ондағы белсенділігі бойынша пікір талас өтті. Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму көрсеткіштеріне тәрбиешілер жеке топтары бойынша сөз қозғады.

Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесіне талдау жасалды. Әр қорытынды кезңіндегі бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг бойынша тәрбиешілер есеп берді. Балалардың жеке даму картасы бойынша базаға жүктеу мен олардың даму көрсеткіштерінің нәтижелерін ескере отырып, алдағы уақытта жекелеп жұмыс жүргізу ұсынылды.

2. Жазғы сауықтыру балалар үшін ең керемет кезең. Жылы ауа рай мен тәтті жемістер, көңілді сауықтыру шаралары балаларға қызықты болары сөзсіз. Осы орайда жазғы сауықтыру шараларының жоспарын мен бағыт бағдарын анықтап жоспарды бекіту қажет.
3. **Тәрбиеші Темірхан С.Б.** 2025-2026 оқу жылындағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қорытынды мониторингі жақсы деңгейде өтті деп ойлаймын. Балалардың бастапқы оқу жылынан қарағанда қорытынды оқу жылындағы көрсеткіштері айтарлықтай жақсы нәтиже көрсетті. Бұл тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің жетістігі деп ойлаймын. Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын құра отырып, олардың жеке гигиенасына, қауіпсіздік шараларына аса мән беру керектігін атап өтті.

Шешім:

1. 2025-2026 оқу жылындағы көрсеткіш деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.